

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестік туралы" ереже туралы" 1997 жылғы 12 сәуірдегі N 106 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 1 тамыздағы N 280. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 5 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1968. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 380 (V032589) қаулысымен.

Кредиттік серіктестіктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестік туралы" ереже туралы" 1997 жылғы 12 сәуірдегі N 106 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредиттік серіктестіктер туралы ереже туралы";

1-тармақтағы "Кредиттік серіктестік туралы" ереже туралы" деген сөздер "Кредиттік серіктестіктер туралы ереже" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Кредиттік серіктестік туралы" ереже туралы" деген сөздер "осы қаулының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "мен Кредиттік серіктестік туралы" ереже туралы" деген сөздер алынып тасталсын, "ереже" деген сөз "қаулы" деген сөзбен ауыстырылсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Кредиттік серіктестіктер туралы ережеге: кіріспедегі "Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі - Заң)" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" деген сөздер алынып тасталсын;

4, 9, 16, 26, 27, 34-1 тармақтардағы, 37-тармақтың 2) тармақшасындағы, 45-тармақтағы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Осы Ереженің 13-тармағында көзделген барлық құжаттар қоса берілген кредиттік серіктестікті ашуға рұқсат беру туралы өтінішті Ұлттық Банк оны қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде қарауы тиіс";

22-1-тармақта "жыл сайын" деген сөздер алынып тасталсын;
24-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:
"Кредиттік серіктестіктің үй-жайының техникалық даярлығын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы кредиттік серіктестіктің жазбаша өтініші негізінде т е к с е р е д і . " ;

мынадай мазмұндағы 24-1 тармақпен толықтырылсын:

"24-1. Кредиттік серіктестік лицензияны жоғалтқан жағдайда дубликат алуға құқылы. Ұлттық Банк кредиттік серіктестіктің жазбаша өтініші бойынша он күнтізбелік күннің ішінде лицензияның дубликатын береді. Мұндай жағдайда кредиттік серіктестік лицензиялық алым төлейді.

Ұлттық Банк кредиттік серіктестіктің лицензиясын оның жазбаша өтінішінің және лицензияны қайта ресімдеуге лицензиялық алымның төленгендігін растайтын құжаттың негізінде оларды алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде қ а й т а р е с і м д е й д і .

Лицензияны қайта ресімдеуді бұрын берілген лицензияны Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша ауыстыру деп түсіну керек.";

28-тармақтың төртінші абзацы "лицензия беру туралы Ұлттық Банкке" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны кредиттік серіктестіктерге ж і б е р с і н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

